



Біз әдетте кеншілерді құрметтеп, ұстаздарды ұлықтап, дәрігерлерді дәріптеп, басқа да мамандық иелерін мадақтап жатамыз. Кейде қоғамға пайда әкелгенімен сырт көзге елеусіз көрінетін кәсіп түрлерін ескере бермейтініміз де рас. Сондай көзден тыс, көңілден сыртқары, тек қана сандардан тұратын кәсіптің бір түрі – статистика.

# Кәсібіне адал жан



### Дария ЕРТАЙҚЫЗЫ

Статистика жұмысына тек қана санақ жүргізетін мекеме деп қарауға болмас. Бұл сала бүгінде өмірдің барлық аспектілерінде қолданылады.

Екібастұз қалалық статистика басқармасының қызметкері Татьяна Рислинг – өзінің адал еңбегі мен тынымсыз жұмысының жемісіне сенген жандардың бірі.

Татьяна Адамовна - Қарағанды қаласының тумасы. 1984 жылы шілде айында Екібастұзға көшіп келеді. Осы қаладағы статистика бөліміне қызметке орналасқан ол кейін қайрат пен қажырлылықты өміріне арқау етіп, Алматыдағы экономика және статистика институтын төмамдайды.

Тынымсыз еңбектің арқасында абыройға кенелген жан өмірлік өлшемдерді мейірімділік пен тазалықтан іздейді.

- Жаңа мекеменің табалдырығын аттағанда, мені жарқын

жүзбен қарсы алғандардың бірі - Татьяна Адамовна. Ол менің алғашқы ұстазым десе болады. Бір жерде табан аудармай отыз бір жыл еңбек еткен, есімі аңызға бергісіз бұл жан жалғыз мені ғана емес, өзге де жас мамандарды өз кәсібіне құрметпен қарауды үйретті. Ол бәрімізден, ең бастысы, адалдықты талап етті. «Адалдық бар жерде сыйластық артады» дегенді санамызға сіңірді. Ол бақытын еңбектен тапты. Тағы бір ерекшелігі, Татьяна Адамовнаның жасындағылар компьютерге жақындай қоймайды. Оны асу бермес қамалдай көреді. Ал Татьяна Адамовна компьютерді жылдам меңгерді. Ол жаңа бастамалардан тартынбайды, батыл,-дейді әріптесі Оксана Червинская.

Татьяна Рислинг 2012 жылы зейнеткерлікке шықса да, жұмысын әлі жалғастыруда. Өйткені жастардың өмірлік тәжірибесі мол аға ұрпақтан үйренері көп.